

Қазақ мемлекеттік көркем сурет академиясын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 мамыр 1993 ж. N 413

Айрықша дарынды жастардың көркем сурет өнерінен білімін үзбей жалғастыруды қамтамасыз ету, жоғары білімді мамандар даярлауда көп деңгейлілікті енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі мен Білім министрлігінің Республикалық көркем сурет колледжі мен Т. Жүргенов атындағы Алматы мемлекеттік театр-көркем сурет институтының көркем сурет факультеттерінің негізінде Қазақ мемлекеттік көркем сурет академиясын ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі аталған жоғары оқу орнын қаржыландыруды ведомствоға қарасты жоғары және арнаулы орта оқу орындарын ұстауға бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырсын.

Білім министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша 1993 жылы Республикалық көркем сурет колледжін ұстауға көзделген қаражатты Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне аударсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі Көркем сурет академиясының құрылымын, мамандықтар тізбесі мен штат санын айқындасын, оның материалдық-техникалық жабдықталуы мен кадрлар әлеуетін күшейтуге көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі, Алматы қаласының әкімі үш ай мерзім ішінде Қазақ мемлекеттік көркем сурет академиясының материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне нақтылы ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі